

## **БАРЛЫҒЫ БАС ЖОСПАРДАН БАСТАЛАДЫ!**

Жастар, сіздер мектептің жоғарғы сыныптарында болашақ өмірдің негізгі бағытын – мамандықты таңдайсыз! Дұрыс таңдау - бақытты өмір жолының негізі!

Сәулет факультетінің (СФ) оқытушылары жоғары сынып оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізгенде, олардың сурет салу, сызу дағдыларын анықтайды. Осы ретте, мысалы, мен әрдайым геометрия пәні бойынша бағалары туралы сұрақ қоямын, өйткені бұл пәнмен «достық» шығармашылық үшін өте маңызды кеңістіктік ойлаудың дамуын көрсетеді. Изостудия түлектерінің "сәулетке", "дизайнға" кәсіби бағдарлануы әлдеқайда ертерек келеді және олар біздің Академияға - ҚазБСҚА-ға сенімді түрде түседі.

Сәулет факультетіне оқуға түсуден бірнеше апта бұрын өз өмірін шығармашылықпен байланыстыруды шешетін "кездейсоқ" студенттер сирек түседі. "Дұрыс" талапкерлердің белсенді жеке мотивациясы олардың іс-әрекетінің негізі болып табылады. Оқуға түскен студенттердің мотивациясы оқытушыларға оқу үдерісінің сапасын қолдауды сөзсіз жеңілдетеді.

"Сәулет" мамандығының мәнін ұғынуға біртіндеп жақындау сәулет факультетінде оқу барысында дағдыларды меңгеру арқылы жүзеге асырылады. Факультеттегі бүкіл оқу үрдісінің басты бағыты студенттердің типтері мен күрделілігі әртүрлі сәулеттік, аумақтық жоспарлау нысандарын жобалаудағы дағдыларын дамыту болып табылады және жалпы білім беруде барлық қажетті білімдер: математика, тарих, әлеуметтану, философия және т.б., сонымен қатар, оқу процесінің көп бөлігін құрайтын және мамандықтың кәсіби шеңберін құрайтын пәндер осы мақсатқа бағытталған.

Кез-келген істе сияқты сәулетші мамандығын оқыту да қарапайымнан күрделіге қарай жүргізіледі. "Сәулет" мамандығы бойынша оқу екі бағыт бойынша жүргізіледі: «Қала құрылысы» және «Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың сәулеті». Сіз осы бір білім беру бағдарламасының (ББ) қайсысын таңдасаңыз да мамандықтың базалық негіздерін бірінші курстарда барлық студенттер бірыңғай платформада өтеді. Музыкалық мектептегі сияқты музыкалық сауаттылықтың ең қарапайым негіздерін – балаларға жеке ноталарды меңгеру кейде өте күрделі болып көрінеді, сол сияқты сәулетте сұлулықтың негізгі заңдарымен бастапқы танысу және оларды «Сәулеттік жобалау негіздері», «Сәулеттік жобалау I» пәндері мен «Балалар ойын алаңы» атты шағын жоба аясында қолдануға үйрету кіші курс студенттері үшін Хан-Тәңірдей өзіндік шыңы болып табылады.

Осы кезеңдегі кәсіби дағдылар мен қабілеттер көркем-бейнелеу дайындығы пәндері: сурет, сәулеттік сурет, кескіндеме, мүсін арқылы бекітіледі. Бұл кезеңде кәсіби компьютерлік дайындық негіздеріне оқыту басталса да, III-ші курсқа дейін сәулеттік жобалау бойынша курстық жобалар компьютерлік графикалық бағдарламаларды қолданбай дәстүрлі түрде қол графикасында орындалады. Сондықтан, дәл осы бірінші курстардан бастап скетчинг-эскизде үнемі жұмыс істеу қажеттілігіне және сәулеттік фантазиялар бойынша мысалдарды интернет-порталда қадағалауға үйрену маңызды. Себебі, креативтілік пен қиял – бәрі дамиды. Әр апта сайын ҚазБСҚА кітапханасына – сәулет бойынша Алматы қаласындағы үздік кітапханаға бару қажет, оның қоры жыл сайын 10-нан астам атаудағы шетелдік кәсіби мерзімді әдебиеттермен толықтырылады.

Сәулеттік жобалау тақырыптарының күрделенуі "Жеке тұрғын үйден" басталып қоғамдық ғимарат - "Демалыс орталығы" арқылы Қазақстан қалаларының тұрғын үй қорының көп бөлігін құрайтын 4-5 қабатты "Орта қабатты тұрғын үйге" өтеді. Осы типті тұрғын үйді игеру және егжей – тегжейлі пысықтау сіздерге "10 мың тұрғынға арналған шағын қала" атты бірінші аумақтық қала құрылысы жобасын жобалау дағдыларын

түсінуге мүмкіндік береді. Жоғары курстарға көтеріле отырып, сәулеттік жобалауды жалпы техникалық (құрылыс материалдары, геодезия, сәулет физикасы, энергиялық тиімді ғимараттарды жобалау) және инженерлік-құрылыс (инженерлік жүйелер, құрылыс конструкциялары, құрылыс өндірісінің технологиясы) дайындығы және жобалаудың қала құрылысы негіздері (қала құрылысы негіздері, инженерлік абаттандыру және көлік, қалалық орта және ландшафт) пәндері бойынша тереңдетілген білім негізінде өтесіз.

IV курста сіз кәсіби бағыттылықты бөлу аймағына кіресіз. "Қала құрылысы" - бұл аумақтық негізгі мақсаттары қалалық елді мекендерде халықтың өмір сүруінің қолайлы жағдайларын қалыптастыру болып табылатын жоспарлаумен және жобалаумен байланысты жобалау қызметінің саласы. Және қағида бойынша кез келген сәулеттік немесе қала құрылысы нысанын жобалау учаскенің бас жоспарын әзірлеумен байланысты. Бұл бағытты таңдаған кезде студенттерде жаңа тұрғын аудандардың жобалары, тарихи қалыптасқан қалалық ортаны, қала сыртындағы демалыс аймақтары мен курорттарды, тау-туристік кешендерді, ландшафтық сәулет объектілерін (бақтар, парктер, өзен маңындағы аумақтарды сәулеттік-ландшафтық ұйымдастыру) қайта құру сияқты күрделі қала құрылысы жүйелерін жобалау, қала құрылысындағы жобаларды басқару және оларды аумақтардың қала құрылысын дамыту процесінде қолдану дағдылары қалыптасады. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар сәулеті бағытына қарағанда қала құрылысы жобаларының базалық кәсіби компьютерлік бағдарламасы ГАЗ-технологиялар (Геоақпараттық технологиялар) болады, бұл қала құрылыс бітірушілердің жобалық қала құрылысы фирмаларына тез арада бейімделуін жақсартады. Тәжірибелі оқытушылар сіздерді қала құрылысының арнайы, яғни аудандық жоспарлау негіздері, қала құрылысының аймақтық ерекшеліктері, қала құрылысын қайта құру, қала құрылысы процесін басқару курстарына енгізеді.

Бакалавриат деңгейінде оқу дипломдық жобалаумен аяқталады және "Сәулет-қала құрылысы қызметі" ҚР кәсіби стандарттарына сәйкес бұл процесс қала құрылысы саласында бекітілген талаптарға сәйкес құжаттарды рәсімдеу және қала құрылысы шешімдерінің салдарын болжау, кәсіби мазмұндағы бастапқы ақпаратты талдау әдістерін, құралдарын қолдану біліктілігін нығайтады.

"Қала құрылысы" білім беру бағдарламасын ҚР - дағы жалғыз ЖОО - ҚазБСҚА жүзеге асырады, сондықтан бакалавриаттың қала құрылысы бағытындағы бітірушілері Қазақстанның барлық ірі қалаларындағы жобалау және ғылыми-зерттеу институттарында сұранысқа ие. Осы бағыттағы мамандардың айрықша ерекшелігі ойлаудың айқын жүйелілігі болып табылады, осыған байланысты оларды басқару құрылымдарында жұмысқа орналастыру жиі жүзеге асырылады. "Сәулет" мамандығының синтетикалығына байланысты бұл бағыттағы түлектер сәулетші-дизайнер болып және шығармашылық қызметпен байланысты көптеген салаларда жұмыс істей алады, магистратурада, докторантурада оқуын жалғастыра алады.

Қала құрылысы және сәулет қызметіндегі қазіргі кезең жылдам өзгерістермен сипатталады, сондықтан өзінің өмірлік жағдайының тұрақтылығы үшін СФ түлектері одан әрі оқуға, біліктілігін арттыруға ашық болуы тиіс.

Нина Жошевна Козбагарова,  
СФ "Қала құрылысы" бағыты  
академиялық профессоры,  
сәулет докторы